

«КЕЛІСІЛДІ»
«Мұғалжар ауданының
білім бөлімі»
ММ әдістемелік кабинеті
Г.Қ. Нұрмағанбетова

«08» 09 2020 ж.



«БЕКІТЕМІН»
«Қарлығаш» бөбекжай-
бақпасы»
МКҚК меңгерушісі
К.С. Медеуова

«28» 08 2020 ж.

Вариативтік компонент «Тәрбие әдептілік бастауы»

Бағдарламаны дайындаған:
№3 «Балбөбек» МАД тобының тәрбиешісі:
Апендина Г.Р

Қандыағаш қаласы

**«Қарлығаш» бөбекжай – бақшасы»
МКҚК-ның тәрбиешісі
Г.Р.Апендинаның
«Әдептілік - әдемілік әлемі»
атты бағдарламасына**

Пікір

Берілген бағдарлама тақырыбы: «Тәрбие әдептілік бастауы ».

Советхан Ғаббас «Халықтық педагогикасының негіздері» атты еңбегі басшылыққа алынған.

Жұмыс негізі ұлттық педагогика мен психология негізін салушы педагог-ғалымдар:

А.Байтұрсынов, Ж.Аймауытов, М.Жұбановтардың еңбектеріне сүйенген.

Негізгі мақсаты-дені сау, сана сезімі оянған, рухани ойлау дәрежесі биік, мәдениетті, парасатты, еңбекқор, бойында игі қасиеттер қалыптасқан ұрпақ тәрбиелеу.

Бұл бағдарламада ата-баба мұрасын өнер мен өнеге үлгілерінің лайықтыларын баланың құлағына естірте, көзіне көрсете отырып, ойын арқылы бойына сіңіріп, санасына орнықтыру көзделген. Ата-аналармен бірлесіп әдептілікке, ізеттілікке, үлкенге құрмет, кішіге ізет көрсету жұмыстары қолданылған.

Мектеп жасына дейінгі баланың дүние танымына, ой-өрісін кеңейтіп, сөздік қорын байыту, эстетикалық талғамын арттырып, адамгершілікке баулу ісінде құрылып, баланың жас ерекшелігі ескерілген. Бүгінгі күн талабына сай баланың жеке тұлға болып өзін-өзі сезінуінің, адамгершілік, мәдениетті сөйлей білуі, сәлемдесуге баулу, достыққа, ұйымшылдыққа тәрбиелеуге бағытталған.

Отанымыздың табиғатын, еліміздің салт-дәстүрінен көптеген мағлұматтар алып танысу мақсатында бірнеше тақырыптар алынған.

Бағдарлама баланың жас ерекшелігіне сай 36-сағатқа құрылған.

Түсінік хат:

Отбасымен тығыз серіктестік қатынас орната отырып, балада шығармашыл тұлға қалыптастыру мен тәрбиелеу, ұлттық дәстүрді сақтау, балаларды ұлттық мәдениет пен ұлтаралық қарым-қатынас мәдениетімен таныстыру.

Міндеттері:

1. Бала өмірін сақтау, денсаулығын нығайту, дене бітімін нығайту, дене бітімін дамыту, ұлттық дәстүр негізінде салауатты өмір салты құндылығын қалыптастыру.
Әр балаға жеке дара тұлға ретінде жеке басына сыйластықпен, түсіністікпен қарау.
2. Мектеп жасына дейінгі балалардың көркем әдебиет пен халық ауыз әдебиетіне алғашқы қызығушылықтарын қалыптастыру.
3. Тәрбие басы біріншіден әдептілікке үйрету. Екінші баланы қайырымды, иманды, мейірімді болуға баулу. Үшіншіден тіл алғыш, елгезек, адал, шыншыл, ата-ананы, үлкенді сыйлап, кішіге қамқор болуға, сонымен қатар елін, жерін сүйуге тәрбиелеу.
4. Балабақшамен ата-аналар ынтымақтастыққа жұмыс жүргізу, балаларға тиісті көңіл бөліп, олармен санаса білу арқылы келешектің шын жанашыры, елдің арқа сүйер азаматтарын тәрбиелеу.

Күтілетін нәтиже: Әр баланың досының болуы достықтың маңызын білуі керек. Үлкенге деген құрмет, сенім, әдептілік арқылы мықты болатынын түсіну. Адамдар бір-біріне қиын жағдай туғанда көмектесу керек екенін біледі. Ойынды бірлесе ұйымшылдықпен ойнайды. Ойларын қорытындылау, тапсырмалар орындау. Балалар бір-бірімен сыйластық адамгершілікте тіл табыса алады.

Вариативтік сабағының
Күнтізбелік жоспары

№	Тақырыбы	Айы	Сағаты
1	Сәлеметсіз бе танысып қояйық	Қыркүйек	1
2	Сықырлы сөздер әңгімесін оқу		1
3	Саған қонаққа досың келеді		1
4	Қуыршақты киіндіру		1
5	«Шалқан ертегісін сахналау»	Қазан	1
6	«Дәрігердің қабылдануында»		1
7	«Автобуста»		1
8	«Үлкеге құрмет, кішіге ізет»		1
9	«Бауырсақ» қуыршақ театры	Қараша	1
10	«Киім дүкендері»		1
11	«Жасағым келеді, келмейді керек-керек»		1
12	«Үй жануарлары»		1
13	«Мен тамақ ішкенде»	Желтоқсан	1
14	«Біздің ел осындай!»		1
15	«Жақсы деген немесе жаман деген немене?»		1
16	«Әдептілік-әдемілік»		1
17	«Серуенде»	Қаңтар	1
18	«Қонақта»		1
19	«Достық әлемінде»		1
20	«Қуыршақ оянды»		1
21	«Біздің топ»	Ақпан	1
22	«Менің отбасым»		1
23	Адамның көңіл-күйі неге және кімге байланысты		1
24	«Әдептілік мектебі» - қуыршақ театры		1
25	Сыртқы көрініс	Наурыз	1
26	Кітаптарды қалай қолданамыз		1
27	Ойын-сауық «Ертегілер орманында»		1
28	Сен өзінді қалай ұстар едің		1
29	«Дымбілмес бізге қонаққа келді»	Сәуір	1
30	«Мейірімді істер»		1
31	«Әкенің алқабы»		1
32	«Бейтаныс батырлар туралы әңгіме»		1
33	«Мұны қайталауға болмайды»	Мамыр	1
34	«Үш дос»		1
35	Әр ұлттың адамдарының достығы туралы әңгіме		1
36	«Достық, татулық туралы» ән, тақпақтар		1

	Апталық тақырып	Сабақтың тақырыбы	Сабақтың мақсаты	Қосымша материалдар
1	Балабақша	«Сәлеметсізбе, танысып қояйық»	Балаларды күнделікті өмірде амандасу сөздерімен пайдалана білуге үйрету, бір-бірімен танысу ережелері не үйрету (Сөйлесіп тұрған адамның атын білуге және өзінің аты-жөнін айтуға үйрету). Әр түрлі ситуациялық жағдайларды дамыту. Сөйлесіп тұрған адамға сыйластықты тәрбиелеу.	Д/ойын «Кімге не айту керек?» Д/О: «Танысып қояйық»
2	Ойыншықтар	«Сикырлы сөздер әңгімесін оқу»	Балалардың қоршаған адамдарға көрсететін жақсы мен мейірімділігін тек қана ынтасы емес, сонымен қатар қажеттілігін тәрбиелеуді жалғастыру. Мейірімді, сыпайы тәртіп ережелерін ретке келтіру және қорытындылау.	С/р: «Кімге шарик ұшып барады, сол мейірімді сөзді айтады» Психодиагностика «Көңіл-күйді тап»
3	Отбасы	«Саған қонаққа досың келді»	Балаларды өз қонақтармен сыпайы әңгімелесуге үйрету. Қонақтармен әңгіме бастау ережелерімен таныстыру, мейірімді амандасуға үйрету. Әңгімеде қандай тақырыпта пайдалана білулерін анықтау. Ұлттық салт-дәстүрді сақтай отырып, өз қонақтарына сыйластықты тәрбиелеу.	Д/ойын «Біздің үйге қонақ келді»
4	Жыл мезгілі	Қуыршақты киіндіру	Балалардың күз мезгілі туралы білімдерін тиянақтау. Ойын әрекеті арқылы танымдылық қабілетін, ойлау, сөйлеу қабілетін дамыту. Татулыққа, қайырымдылыққа, еңбекке тәрбиелеу. Блингвалдық компоненттер: Қуыршақ-кукла, киім-одежда, көйлек-платье, орамал-платок.	Д/ойын «Қуыршақты киіндіру», «Шұлықтың жұбын тап»

5	Балабақша	«Шалқан ертегісін сахналау»	Балаларға саусак театры туралы түсінік беру. «Шалқан» ертегісі туралы мағлұмат бере отырып, түсінігін нығайту. Ойын, тілін, сөздік қорын дамыту. Балаларды ұйымшылдыққа, татулыққа, адамгершілікке тәрбиелеу.	«Сахналау»
6	Ойыншықтар	«Дәрігердің кабылдауында»	Дәрігер туралы білімін толықтыру, медицина қызметкерінің еңбегіне деген қызығушылық пен құрметке баулу. Тазалыққа, үлкенді сыйлауға тәрбиелеу.	Д/ойын «Ғажайып қалта»
7	Жыл мезгілі	«Автобуста»	Жолда, транспортта өзін-өзі ұстау мәдениетін білуге, кішіпейіл, қамқор болуға дағдыландыру. Үлкендерді сыйлау, автобуста орын беруге тәрбиелеу.	Д/О: «Жаксы-жаман» суреттерін карау
8	Отбасы	Иманды жан әдепті «Үлкенге құрмет, кішіге ізет».	Балаларды ұлттық әдет-ғұрыпқа және де салт-дәстүрге баулу. Сөйлесе білуге, ойын жеткізе білуге үйрету. Адамгершілікке сыйластық, бата жасау рәсімін түрлерін меңгере отырып, имандылыққа тәрбиелеу.	Д/ойын «Қай уақытта нені айтады?» «Жаксы-жаман» «Салт-дәстүр туралы суреттер карау»
9	Ойыншықтар	«Бауырсақ» қуыршақ театры.	Әдептілік тәрбиесін ұғыну, мақтаншақ болмауға, үлкенді тыңдау арқылы мақсатына жетінің айту.	
10	Жыл мезгілі	«Киім дүкені»	Жолдастарымен достық қарым қатынаста болуға, айналадағы адамдарды құрметтей білуді үйрету.	Күз туралы сурет (альбомдар) карау. Д/ойын «Жыл мезгілдеріне сай киімді тап»
11	Балабақша	«Жасағым келеді, келмейді-керек»	Балаларды қызықты және қызықсыз, қиын және ауыр, жағымды және жағымсыз істерді орындауға үйрету. Тек қана тиісті істерді емес. Тиіссіз істерді де орындауға үйрету. «Керек» деген сөздің мағынасын түсіндіру. Бастаған істі аяқтап, шыдамдылыққа, сабырлылыққа тәрбиелеу.	Топ бөлмесінде кезекшілік тәртібін, үлкендердің тапсырмасын орындау.

12	Ойыншықтар	«Үй жануарлары»	Балаларды үй жануарларымен таныстырып, олардың аттарын дұрыс атап, төлдерінің дыбыстарын ажырата білуге үйрету. Үй жануарларына қамқорлық жасай білуге тәрбиелеу.	Д/ойын « Үй жануарларын төлдерін тап»
----	------------	-----------------	---	---------------------------------------

13	Балабақша	Мен тамақ ішкенде	Мәдени тамақтану машықтарын нығайту. Дастархан басында дұрыс отыруды талап ету. Дастархан басындағы мәдени тәртібін сақтау ережелерін бекіту, асхана құралдарымен дұрыс пайдалануға үйрету.	Д/О: Кафе-бар «Демалысқа»
14	Жыл мезгілі	Біздің ел сондай	Қазақстан Республикасының Тәуелсіздігі күні мерекесі туралы түсінік беру Қазақстан қалалары жөнінде әңгімелеу. Балалардың сөздік қорын молайту, есте сақтау қабілетін дамыту. Балалардың халқына, ұлтына деген сүйіспеншілік сезімдерін тәрбиелеу.	Д/О: «Қазақстан туралы суреттер карау»
15	Отбасы	Жаксы деген немене, жаман деген немене?	Көркем әдебиетте және басқада мәдениет мейрамы туралы білімдерін нығайту, балаларды мейрімділік, әділеттілік, зұлымдық туралы түсініктерін тереңдету. Әділдікке, мейірімділікке тәрбиелеу түсініктерін тереңдету.	Дидактикалық ойын: «Жаксы-жаман» «Өзін-өзі қалай ұстау керек екен» Суреттер көру.
16	Ойыншықтар	Әдептілік-әдемілік	Балалардың адамгершілікке, әдептілікке, еңбексүйгіштікке, қарапайымдылыққа үйрету. Сәлемдесу, сыйластық, үлкенге құрмет көрсетуге, имандылыққа тәрбиелеу. Балалардың өмірге қажетті дағдыларын тереңдету.	Д/О: «Сыпайы сөздер»
17	Жыл мезгілі	«Серуенде»	Балаларды ойын мазмұнын ойланып, түсініп ойнауға үйрету. Табиғатпен жақын болғандықтан алған сезімдік әсерін қалыптастыру. Туған өлкенің табиғатына сүйіспеншілігін тәрбиелеу.	Д/О: «Бұл қай кезде болады?»

18	Отбасы	«Қонақта»	Қонақта болғанда өзін-өзі әдепті ұстауға, инабаттылық сыйластық сезімге баулу, өз қатарымен тату ойнауға үйрету.	Д/О: «Сикырлы сөздер» Д/О: «Қонақта суреттер қарау»
19	Жыл мезгілі	«Достық әлемінде»	Балалардың достық туралы түсініктерін кеңейту, достық қарым-қатынасты дамыту, достық ұғымымының мәнін түсіндіру. Қамқорлыққа, достықты қадірлей білуге тәрбиелеу.	Д/О: «Кімге не айту керек» Психодиагностика «Көңіл-күйді танып ал»
20	Балабақша	«Қуыршақ оянды»	Балалардың киімді қалай кию тәртібі туралы білімдерін бекіту. Ойыншықты күтіп ұстап, ұқыпты ойнауға, бір-біріне деген достық қатынасқа тәрбиелеу.	Д/ойын «Бірінші қайсысын киеміз»
21	Ойыншықтар	«Біздің топ»	Балалардың достық, мейірімділік сезімдерін, ортақ жұмыстарға қатынастығын, балабақшаға, құрбыларына байланысты қалыптастыру. Мейірімді сөздер: «Кешіріңіз», «Рахмет», «Алғыс айтамын» пайдалана білулерін бекіту. Қоршаған адамдарға сыйластық, өз топтарына мақтаныш сезімдерін тәрбиелеу.	Д/О: «Кімге шарик ұшып барады, сол мейірімді сөзді айтады» Ойын: «Өтінемін» Психодиагностикалық ойын: «Көңіл-күйді тап»
22	Отбасы	Менің отбасым	Балаларды отбасында бір үйде көптен бірге тұратын көршілерімен, қолданатын тәртіп ережелерімен таныстыру. Бірге тұрғанда қажетті ережелерін орындауға қатты музыканы қоспауға, секірмеуге, жүгірмеуге, терезелердің астында айкайламауға, т.б. үйрету. Әдептік сөздер туралы білімдерін нығайту. Тұма-туыскандарға, көршілерге, ауру және қарт кісілерге сыпайлы болуына тәрбиелеу.	С/Р ойын «Отбасында» Д/О «Біздің сүйкімді жанұя», «Менің достарым және көршілерім» атты жағдайда шешу жолдарын табу т.б. «Отбасы»-сурет арқылы әңгімелеу
23	Балабақша	Адамның көңіл-күйі неге және кімге байланысты.	Өз көңіл-күйін басқаруды қалыптастыру мазаламауға, өз жағымсыз әсерін төңірекке шашпауға сыпайлық ережелерін үйретуді жалғастыру, қарапайым қарым-қатынасты нығайту. Үлкендерге, құрбыларға сыйластыққа тәрбиелеу.	Логикалық тапсырма «Көршінің көңіл-күйін суретте» Д/О: «Кім көп әдепті сөздер пайдаланған шығармалар айтады»

24	ойын	«Әдептілік мектебі»- қуыршақ театры	Қоршаған ортаға, үлкендерге, құрбыларға сыйластық сезімін ояту, сыпайы сөздер білу және керекті жерде қолдану, мақсатты зейінде, логикалық ойлауларын, көру және қабілеттерін дамыту әдептілік ережелерін орындауға жаттықтыру.	«Сыпайы болайық» блогтан ойындар
25	Жыл мезгілі	Сыртқы көрініс	Таза, сүйкімді ауа-райына байланысты киінуге үйретуді жалғастыру. Өз киімдерін таза және ұқыпты ұстау, бет орамал пайдалану, киімді жыртпау, умаждамау, ілгектерін дұрыс салу т.б, жасына қарай киіну, жағдайға пайланысты киінуді үйрету. Өз бетімен білуге және эстетикалық талғамға тәрбиелеу.	Д/О: «Айналамен ақылдасу» «Қуыршақты киіндіру» «Біз қонаққа келдік» «Ателье»-үстел үстіндегі ойын.
26	Балабақша	Кітаптарды қалай қолданамыз	Кітаптарды ұқыпты, таза ұстауға үйретуді жалғастыру. Кітаптарды ұқыпты ұстау мысалдарын келтіру. Әр түрлі кітап пайдалану ситуацияларын ұсыну. Кітап шығарушы адамдардың еңбегін бағалауға тәрбиелеу.	С/Р.О «Кітапхана» Д/О: «Шешуін тап» Тыныс бейнелер беттер.
27	Ойышықтар	Ойын-сауық «Ертегілер орманында»	Табиғатта – орманда - өзін-өзі ұстай білу ережелерімен таныстыруды жалғастыру. Тірі табиғатты бағалай білуге үйрету, адамгершілік көз-қарасын нығайту, сезімшілдікке, мейірімділікке, кішіпейілділікке дағдыландыру. Жан-жануарларға, жәндіктерге, өсімдіктерге қамқорлық жасай білуге тәрбиелеу.	д/о: «Ережелерді үйренеміз» сурет арқылы тану. «Жаксы іс-әрекеттерін тап» жұмбақтар шешу.
28	Отбасы	Сен өзінді қалай ұстар едің	Қоршаған ортаға өз көзқарасын анықтауға және түсіндіруге үйрету. Ситуациялық жағдайларды шешу. Жаксы мен жаман қарапайым түсініктерін қалыптастыру. Балалардың білім қорын анықтау. Үлкендерге көмектесуге, кішкентайларға қамқор-етуге тәрбиелеу.	д/о: «Жаксы-жаман» «Іс әрекетін бағала»

29	Балабақша	«Дымбілмес бізге конаққа келді»	Мәдениеттік мінез-құлығын қалыптастыру, балабақшада және көпшілік жерлерде өз беттерімен және міндетте, сапалы түрде мәдениеттік тәртіп ережелерін орындауға үйрету. Құрбыларын, қоршаған ортаны бағалай білуге тәрбиелеу.	«Өзін-өзі ұстау мәдениетті» блогтағы ойындар
30	Жыл мезгілі	«Мейірімді істер»	Оқиғалық жағдайларда жануарларды аяуға үйрету. Жануарлардың өзін-өзі қорғау түсініктерін туралы түсінік беру. Жануарлар-табиғат бөлігі, оларға адам қамқорлығы қажет. Жануарларға адамгершілік, қамқорлық сезімін ояту.	С.О «Зоологиялық лото» «Сыңарын тап» Д/О: Жануарлар туралы ертегілерін ата.
31	Отбасы	«Әкенің алқабы»	Әрбір еңбектің маңыздылығын түсіндіру. Сол еңбекті істеуші адамдарды бағалауға, өздері қолғанат болуға тәрбиелеу. Үлкендердің еңбегінің өмірге қажеттілігін, маңыздылығын түсіндіруді бекіту.	Д/О: «Не артық» «Қайда не өседі?» «Нан дастарханға қайдан келеді» Ситуациялық жағдайларды шешу.
32	Балабақша	«Бейтаныс батыр туралы әңгіме»	Адамның мейірбандығы туралы түсініктерін анықтау. Мейірімді адам таныс және бейтаныс адамдарға риясыз жәрдем беретінін түсіндіру, өмірден алынған мысалдарды келтіру, осы ойды әңгіме арқылы бекіту. Балалардың мейірімділік санасын ояту, мейірімді істерге тәрбиелеу.	Ситуациялық жағдайларды шешу. Д/О: «Мейірімді істер» «Жақсы- жаман»
33	Ойыншықтар	«Мұны қайталауға болмайды»	Балалардың достық, мейірмандық сезімдерін, ортақ жұмыстарға қатынастығын, бала бақшаға, құрбыларына байланысты қалыптастыру. Мейірімді сөздер: «Кешіріңіз», «Рахмет», «Алғыс айтамын» пайдалана білулерін бекіту. Қоршаған адамдарға сыйластық, өз топтарына мақтаныш сезімдерін тәрбиелеу.	

34	Балабақша	«Үш дос»	Балалардың көркем шығармаларының кейіпкерлерінің іс-әрекеттерін анықтай білуге үйрету. Достық туралы түсініктерін қалыптастыру. «Достық қамқорлық пен және көмекпен мықты»- мақаланы түсіндіру. Достық, қайырымдылық сезімдерін тәрбиелеу.	Д/О: «Өзіңе дос таңдап ал»
35	Отбасы	Әр ұлттың адамдарының достығы туралы әңгіме	Балалардың «Қазақстан-көпұлтты мемлекет» екені туралы түсініктерін бекіту. Қазақстанда тұратын халқының өмірі және олардың ұлттық дәстүрлері туралы білімдерін нығайту. Әр ұлт өкілдерінің балаларының арасында достықты тәрбиелеу.	Д/О: «Қай мемлекеттің қонағы»
36	Жыл мезгілі	«Достық, татулық туралы»	Ойында, еңбекте, сабақта балаларды бір-біріне көмектесуге үйрету. Өз достарына білімдерін және біліктіктерін бере білу ынталарын дамыту. Достық қайырымдылық сезімдерін тәрбиелеу.	Қ.о: «Үшінші артық»

«КЕЛІСІЛДІ»

«Мұғалжар ауданының
білім бөлімі»

ММ әдістемелік кабинеті
Г.К. Нұрмағанбетова

« 08 » 05 2020 ж.



«БЕКІТЕМІН»

«Қарлығаш» бөбекжай-
бақпасы»

МКҚК менеджері
К.С. Медеуова

« 08 » 05 2020 ж.

Вариативтік компонент
«Балаларға базарлық- ертегілер әлемі»

Бағдарламаны дайындаған:

№3 «Балбөбек» ересек тобының тәрбиешілері:

Жарекешова А.Ж

Қандыағаш қаласы

«Қарлығаш» бөбекжай - бақшасы»
МКҚК –ның тәрбиешісі
А.Ж .Жарекешованың
«Балаларға базарлық – ертегілер әлемі»
атты бағдарламасына

Пікір

Мектепке дейінгі ұйымдарда ұйымдастырылған орта топтағы балалардың деңгейіне мәдениет пен рухани сезімдерді оятатындай жасалған бағдарлама «Балаларға базарлық – ертегілер әлемі».

Бағдарлама 36 сағатқа құрылған.

Бұл әрине, былай қарағанда жаттанды, күннен – күнге айтылып жүрген тақырыптарда кездеседі, шындығына келгенде, кішкене бүлдіршіндер жүрегіне балабақша қабырғасында жүргеннен бастап, ертегі бағытына тәрбиелеу, болашақта баланың жеке тұлға болып қалыптасуына үлкен септігін тигізетіні сөзсіз.

Бала кішкентайынан кітаптарға, ертегілерге, өлеңдерге қызыға қараса, тыңдаса елімізді өз әдебиетінен таныса, бізге мақтаныш емес пе? Одан артық тәрбие бар ма?

«Қарлығаш» бөбекжай – бақшасы»
МКҚК әдіскері:



Г.С Құлжанова

Түсінік хат:

«Балаларға базарлық – ертегілер әлемі» бағдарламасында балалар ертегі жанрларымен танысады.

Олармен таныса отырып, мәдени және рухани сезімдері оянады, дамиды. Ертегі кейіпкерлерін бір – бірімен ажырата отырып, жақсыдан үйреніп, жаманнан жиреніп өздерін тәрбиелейді.

Балалардың сөздік қоры молайып, еркін сөйлеуіне мүмкіндік береді. Болашақта балалардың кітап оқуға деген қызығушылығын ашады. Адам бойындағы ізгі қасиеттерге, әдептілікке, сыпайылыққа, үлкендерді құрметтеуге, табиғатты аялауға үйретеді.

Ертегі – балалардың есте сақтау, ойлау, сөйлеу қабілеттерінің дамуы үшін аса маңызды.

Балалардың тұлғалық қалыптасуы мен дамуына тікелей ықпал ететін құрал болып табылады.

Мақсаты:

Балаларды көркем әдебиетке, ертегіге деген қызығушылығын арттыру, тұлғалық қалыптастыра отырып дамыту, үлкенді құрметтеуге, Отанды сүйуге, адамгершілікке тәрбиелеу.

Міндеттері:

Ертегі, өлең, әңгімелерді тыңдауға, ондағы оқиғалардың өрбуін бақылауға, шығарманың мағынасын түсінуге, кейіпкерлердің қарапайым қарым – қатынастарын бағалауға тәрбиелеу.

Күтілетін нәтиже:

«Ертегіге саяхатқа» бара отырып, үлкенді құрметтеуді әдепті болуға, адамгершілікке, достыққа, жалпы адами қасиеттерге үйренеді. Сонымен қатар ертегі кейіпкерлеріне деген қызығушылығы артады.

Вариативтік бөлімінің тақырыптық жоспары

№	Тақырыбы	Сағат саны	Күні
1	«Біздің балабақшада»	1	Қаңтар
2	«Күзде»	1	
3	«Алтын астық»	1	
4	«Үш жолдас»	1	
5	«Жемістер жыры»	1	Қазан
6	«Ағаштар неге ашуланды?»	1	
7	«Екі қаз, бір бақа» ертегісі	1	
8	«Қасқыр мен ит» ертегісі	1	
9	«Алдар көсе мен бай» ертегісі	1	Қараша
10	«Кішкентай бағбан»	1	
11	«Шаруа мен аю» орыс халық ертегісі	1	
12	«Менің сүйікті қалам, ауылым және елордасы – Астанам»	1	
13	«Қыс»	1	Желтоқсан
14	«Жаңа жыл келді»	1	
15	«Қамқорлық»	1	
16	«Маша мен аю» ертегісі	1	
17	«Үш қыз» ертегісі	1	
18	«Түлкі мен қоян» ертегісі	1	Қаңтар
19	«Шықбермес Шығайбай»	1	
20	«Әкесі мен балалары»	1	
21	«Айна» халық ертегісі	1	
22	«Отбасындағы сыйластық»	1	
23	«Өтеш пен тоты» ертегісі	1	Ақпан
24	«Көктем өрнегі»	1	
25	«Әже»	1	
26	«Құмырсқа мен көгершін» ертегісі	1	
27	«Наурыз көже»	1	Наурыз
28	«Көкек» ертегісі	1	
29	«Атасының ақылы»	1	
30	«Менің ойыншықтарым»	1	
31	«Арыстан мен тышқан» ертегісі	1	Сәуір
32	«Достық мерекесі»	1	
33	«Жеңіс күні»	1	
34	«Үй жануарлары»	1	
35	«Жайлауда»	1	
36	«Мақтақыз бен мысық» ертегісі	1	Мамыр
	Барлығы:	36 сағат	

**«Балаларға базарлық – ертегілер әлемі» тақырыбындағы вариативтік жобаның
перспективалық жоспары**

№	Тақырыбы	Мақсаты	Сағат саны
1	«Біздің балабақшада»	а) Балабақшадағы сыйластық туралы түсініктерін кеңейту; ә) Ұжымдық қарым-қатынас дағдыларын дамыту; б) Құрмет пен сүйіспеншілік сезімдеріне, өзара сыйластыққа тәрбиелеу.	1
2	«Күзде»	а) Күз мезгілі туралы түсінік беру; ә) Өлеңді тыңдап, өз түсінігін жүйелі айтып беруін дамыту; б) Табиғатқа деген сүйіспеншілігін арттыра отырып, тәрбиелеу.	1
3	«Алтын астық»	Өлеңнің мазмұнын ашу, өлеңді дауыс ырғағын келтіре оқи отырып, әр шумағын қайталау арқылы жаттату, піскен астықты ору, жинау науқаны туралы балаларға айтып жеткізу, еңбекке деген сүйіспеншілік сезімдерін ояту, еңбекті сүйе білуге тәрбиелеу.	1
4	«Үш жолдас»	а) Әңгімені мәнерлеп оқып, мазмұнын түсіндіру; ә) Достық қатынасты бағалай білуге бағалау; б) Достаса білуге, адал достыққа тәрбиелеу.	1
5	«Жемістер жыры»	«Жемістер жыры» өлеңінің мазмұнын ашу:	1

		өлең ырғағын келтіре отырып, өлеңнің тіл ерекшелігін, көркем сөздерін түсіну, ойлау қабілетін дамыту; олардың пайдасы, құрамындағы дәрумендері туралы түсініктерін кеңейту; табиғатты сүйуге, қорғауға тәрбиелеу.	
6	«Ағаштар неге ашуланды?»	а) Балаларды Б.Сокпақбаевтың «Ағаштар неге ашуланды?» әңгімесімен таныстыра отырып, ағаштар және олардың пайдасы туралы жан-жақты мәлімет беру; ә) Балалардың дүниетанымын кеңейту; б) Табиғатты қорғай білуге тәрбиелеу.	1
7	«Екі қаз, бір бақа» ертегісі	а) Ертегінің мәнін ықыласымен тыңдауға баулу; ә) Оқылған ертегіні дұрыс түсіну, ойларын тиянақтау, сөздік қорын байыту; б) Жақсылық жасауға тәрбиелеу.	1
8	«Қасқыр мен ит» ертегісі	а) Балаларға ертегіні тыңдата отырып, мазмұнын түсіндіру; ә) Әңгімедегі жағымсыз кейіпкердің бейнесін саусақ театры арқылы көрсете отырып, қасқыр-жағымсыз, ит- жеті қазынаның бірі екенін айтып түсіндіріп, дүниетанымды кеңейту; б) Көркем әдебиетке деген қызығушылығын арттыру.	1

9	«Алдар көсе мен бай» ертегісі	<p>а) Көркем шығарманың мазмұнын зейін қойып тыңдауға үйрету;</p> <p>ә) Халық ауыз әдебиетінің туындыларын тыңдауға деген қызығушылығын арттыру;</p> <p>б) Шығарманың тәрбиелік маңызын түсіндіру.</p>	1
10	«Кішкентай бағбан»	<p>әңгімені таныстыруда балалардың зейінін аударып, әңгімеге деген қызығушылығын арттыру; бағбан туралы түсінік бере отырып, бақтағы жұмыстармен таныстыру; әңгіме арқылы ойын, қиялын дамыту, өз ойын қиялымен ұштастыра айтуға баулу; табиғатты сүйеге тәрбиелеу.</p>	1
11	«Шаруа мен аю» орыс халық ертегісі	<p>Ертегі мазмұнын жете түсіндіріп, оны тыңдауға деген қызығушылығын ояту; өз ойын қиялымен ұштастыра отырып, жағымды-жағымсыз кейіпкерлерді өздігінен ажырата білуге үйрету; ертегі арқылы балаларды еңбекті сүйеге тәрбиелеу.</p>	1
12	«Менің сүйікті қалам, ауылым және елордасы – Астанам»	<p>а) Балаларға қала, ауыл және ел ордасы Астана туралы түсінік беру;</p> <p>ә) Балалардың ой-өрісін дамыту;</p> <p>б) Елін, жерін, туған қаласын сүйеге тәрбиелеу.</p>	1
13	«Қыс»	<p>а) Қыс мезгілі туралы түсінік беру;</p> <p>ә) Сөздік қорын молайту, тіл байлығын дамыту;</p> <p>б) Өлеңді жатқа айта білу арқылы көркем</p>	1

		әдебиетке қызықтыру.	
14	«Жаңа жыл келді»	Өлеңді дауыс ырғағын келтіре оқып беріп, мазмұнын әңгімелеуде өз ойын қиялымен ұштастыра айтуға баулу, балалардың мерекелік көңіл күйлерін көтере отырып жаттату. Ойлау, шығармашылық қабілеттерін дамыту. Адамгершілікке, достыққа, үлкенді құрметтеп, кішіні сыйлауға тәрбиелеу.	1
15	«Қамқорлық»	а) Шығарманы оқып беру арқылы түсініктерін қалыптастыру; ә) Әңгімелеп беруге, диалог сөздері мәніне келтіре айта білуге дағдыландыру; б) Үлкендерді құрметтеуге тәрбиелеу.	1
16	«Маша мен аю» ертегісі	Ертегіні таныстыруда балалардың ертегіге деген қызығушылығын арттыру. Оның мазмұнын мағынасын түсініп, өз ойымен жеткізе білуге үйрету. Ойын қиялмен ұштастыруға, кейіпкерлерді өздігінен ажырата білуге дағдыландыру. Балаларды адамгершілікке тәрбиелеу.	1
17	«Үш қыз» ертегісі	Ертегіні балаларға таныстыра отырып, кейіпкерлер тағдырына балаларды ортақтастыру арқылы кейіпкерлермен бірге қуанып, бірге армандап, ізгілік пен ерсілікті айыра білуге үйрету. Ойлау,	1

		шығармашылық қабілеттерін дамыту. Балаларды ізеттілікке, адамгершілікке тәрбиелеу.	
18	«Түлкі мен қоян» ертегісі	Ертегіні сурет бойынша әңгімелеу. Жағымды-жағымсыз кейіпкерлерді өздігінен ажырата білуге үйрету. Ертегі кейіпкерлерінің іс-әрекетін өз ойларымен жеткізе білуге дамыту. Жануарларға қамқор болуға, адамгершілікке тәрбиелеу,	1
19	«Шықбермес Шығайбай»	Балаларға ертегіні таныстыра отырып, ертегінің мағынасын, тәрбиелік мақсатын түсіне білуге баулу. Ертегі желісі бойынша сахналай білуге үйрету. Ойлау, шығармашылық қабілеттерін дамыту. Балаларды адамгершілікке имандылыққа, мейрімділікке тәрбиелеу.	1
20	«Әкесі мен балалары»	Сурет бойынша әңгіменің мазмұнын мәнерлеп жеткізу, көркем шығарманы тыңдауға деген қызығушылығын арттыру және оның мазмұнын түсіне отырып, әңгімені аяқтауға дағдыландыру, татулыққа, достыққа тәрбиелеу.	1
21	«Айна» халық ертегісі	а) Ертегінің мазмұнын түсіндіру; ә) Сөйлеуге, әңгімелей білуге үйрету; б) Балаларды ертегі желісі арқылы адамгершілікке тәрбиелеу.	1

22	«Отбасындағы сыйластық»	<p>а) Отбасы мүшелерін дұрыс атауға, сәлемдесіп, қоштасуға, үлкенді сыйлап, құрметтеуге үйрету;</p> <p>ә) Отбасында үлкенге – құрмет, кішіге – қамқорлық жасауға баулу;</p> <p>б) Инабаттылыққа, кішіпейілдікке тәрбиелеу.</p>	1
23	«Әтеш пен тоты» ертегісі»	<p>а) Ертегінің мазмұнын түсіндіру;</p> <p>ә) Өз түсінігімен әңгімелеу барысында сөздік қорын молайтып, тіл байлығын дамыту;</p> <p>б) Құстарға қамқорлық жасауға тәрбиелеу.</p>	1
24	«Көктем өрнегі»	<p>а) Көктем мезгілі туралы балаларға түсінік беру;</p> <p>ә) Көктем мезгілінің ерекшеліктерімен таныстыра отырып, дүниетанымын кеңейту;</p> <p>б) Табиғатты сүйуге тәрбиелеу.</p>	1
25	«Әже»	<p>Өлеңді оқып, мазмұнын ашу. Өлең ырғағын келтіре отырып, әр шумағын қайталату, жаттату. Балаларды әже туралы өз ойларын айтып жеткізуге дағдыландыру. Үлкенді сыйлай білуге, әжені құрметтеуге тәрбиелеу.</p>	1
26	«Құмырсқа мен көгершін» ертегісі	<p>а) Әңгіменің мазмұнын түсіну;</p> <p>ә) Сұрақтарға жауап беру арқылы өз ойларын жеткізе білу;</p> <p>б) Жақсылық жасауға тәрбиелеу.</p>	1

27	«Наурыз көже»	Наурыз мерекесі туралы айтып өлеңді дауыс ырғағын келтіре отырып оқып жеткізу. Көктем мезгілінде болатын мереке туралы білімдерін кеңейтіп, дамыту. Салт-дәстүр, әдет-ғұрыптар туралы ұғындыру, оны бағалап құрметтей білуге тәрбиелеу.	1
28	«Көкек» ертегісі	Ертегіні оқып жеткізу арқылы ертегі кейіпкерлерінің жағымды-жағымсыз қасиеттерін көруге, іс-әрекеттерін сезінуге, өз ойларын жеткізе білуге баулу. Ойлау қабілеттерін, шығармашылықтарын дамыту. Балаларды адамгершілікке, бір – біріне көмек бере білуге тәрбиелеу.	1
29	«Атасының ақылы»	а) Әңгімені тыңдай білуге үйрету, үлкен адамның айтқан нақыл сөздеріне көңіл бөлуге баулу; ә) Қазақтың мақал-мәтелдеріндегі ұлағатты сөздерді меңгерту; б) Үлкенді сыйлауға тәрбиелеу.	1
30	«Менің ойыншықтарым»	Мұзафар Әлімбаевтың «Менің ойыншықтарым» өлеңін оқи отырып, сөздердің мағыналарын түсіндіру. Өлеңнің мазмұнын айтқызу арқылы ойыншыққа деген қамқорлық, сүйіспеншілік, аяушылық сезімін	1

		ояту. Ойыншықтарды күтіп ұстауға тәрбиелеу.	
31	«Арыстан мен тышқан» ертегісі	Ертегі арқылы балаларды табиғатты қорғауға, ертегінің мазмұнын басты кейіпкерлердің мінез құлқына баға бере отырып, өз ойларын жеткізе білуге баулу. Өз түсініктерін кейіпкерлендіру арқылы көрсете білуге дағдыландыру. Бір-біріне қамқор болуға адалдыққа шыншылдыққа тәрбиелеу.	1
32	«Достық мерекесі»	«Достық мерекесі» өлеңін мәнерлеп оқу, сөз мағыналарын түсіндіру. Өлең мазмұнын айтқызу арқылы қайталай отырып жаттату. Достық сезімдерін ояту, Отанын сүйе білуге тәрбиелеу.	1
33	«Жеңіс күні»	Өлең шумақтарын мәнерлеп оқу, мазмұнын ашу. Өлеңді қайталау, жаттату. 9-мамыр Жеңіс күні туралы, Ұлы Отан соғысында елімізді, жерімізді жаудан қорғаған батыр ағаларымыздың ерлігін сурет бойынша әңгімелеу. Өз елін құрметтеуге, қорғауға тәрбиелеу.	1
34	«Үй жануарлары»	а) Үй жануарлары туралы түсінік беру; ә) Олардың ерекшеліктерін, адам өміріне пайдасын, төрт түлік малға не жататынын, олардың төлдерін атап айтуға	1

		баулу; б) Төрт түлік малды күтіп-баптауға тәрбиелеу.	
35	«Жайлауда»	а) Өлеңді жатқа айтуға үйрету; ә) Өлең желісі бойынша сұрақтарға жауап беруге баулу; б) Табиғатқа деген сүйіспеншілігін арттыру.	1
36	«Мақтақыз бен мысық» ертегісі	Балалардың зейінін аударып, ертегіге деген қызығушылығын арттыру. Оның мазмұнын түсініп, өз ойымен жеткізе білуге үйрету. Ертегі кейіпкерлерін рөлдерге бөліп, сахналау. Балаларды кішіпейілділікке, мейрімділікке тәрбиелеу.	1
	Барлығы:		36 сағат

«КЕЛІСІЛДІ»
«Мұғалжар ауданының
білім бөлімі»
ММ әдістемелік кабинеті
Г.Қ. Нұрмағанбетова

« 08 » 09 2020 ж.



«БЕКІТЕМІН»

«Қарлығаш» бөбекжай-
бақпасы»

МККК меңгерушісі

К.С.Медеуова

« 28 » 08 2020 ж.

Вариативтік компонент «Шебер қолдар»

Бағдарламаны дайындаған:
№3 «Балбөбек» ересек тобының тәрбиешісі:
Жарекешова Д.С

Қандыағаш қаласы

«Қарлығаш» бөбекжай-бақшасы»
МКҚК-ның тәрбиешісі
А.Ж.Жарекешованың
«Шебер қолдар»
«вариативтік компонентіне»

Пікір

Ұсынылып отырған вариативтік компонент мектепке дейінгі ұымдардағы балаларының деңгейіне орайластырып алынған. Балалардың бос уақытын тиімді пайдалану мақсатында балалардың шығармашылық қабілетін арттыру негізінде «Шебер қолдар» тақырыбындағы вариативтік компонентінің тигізер пайдасы зор.

Құрастырылып отырған «Шебер қолдар» вариативтік компоненті баланың шығармашылық қабілетін арттыру негізінде, баланың эстетикалық қабілетін арттыру мақсатында маңызы зор болып табылады.

Вариативтік компонент баланың жас деңгейіне сәйкес құрастырылған. Осы вариативтік компонентіне меңгеру арқылы балаларда ұсақ-қол моторикасы жетіледі, эстетикалық талғамы артады. Сонымен қатар, бала түстерді ажыратады, өздеріне таныс бейнелерді үлгі бойынша қарап суретін салады, қияды, жапсыра білуді меңгереді. Ұсынылып отырған вариативтік компонентінің балабақша тәрбиеленушілерінің шығармашылық қабілетін арттыру үшін тигізер әсері мол.

«Қарлығаш» бөбекжай-бақшасы»

Әдіскері:  Г.С. Кулжанова

Түсінік Хат.

« Шебер қолдар» вариативтік компонентінің балалардың шығармашылық жағынан дамуына тигізер пайдасы мол. Осы вариативтік компонентті игеру барысында балалар түрлі материалдардан заттар бейнесін қиып жапсырады. Ұсынлып отырған вариативтік компоненттің негізгі

Мақсаты: Мектеп жасына дейінгі балаларды шығармашылық қабілеттерін, қиялын дамыту. Балалардың эстетикалық қабілетін ояту. Ұйымшылдыққа, ұқыптылыққа тәрбиелеу.

Міндеттері:

- Балаларда жапсыру дағдыларын қалыптастыру.
- Балаларға композицияны дұрыс құрастыруға үйрету.
- Балалардың шығармашылық қабілетін дамыту.

Күтілетін нәтиже:

- Балалар түстерді ажыратады.
- Балалар пішінді қияды, жапсыра алады.
- Тапсырмаларды үлгі бойынша өз бетінше орындай алады.

№	Тақырыбы	Міндеттері	Сағат саны
1	Үй	Балаларды қайшымен дұрыс жұмыс істеуге үйрету, бүктелген қағаздан тіктөртбұрыш пен шаршыны дұрыс қиып, шаршыны екі үш бұрышқа бөлуді, дұрыс желімдеуді үйрету.	1
2	Жемістер	Қайшымен жұмыс істеу дағдыларын арыттыру домалақ және сопақ пәшіндерді қағаздан қиып үйрену бөліктерді ретімен дұрыс желімдеуге дағдыландыру.	1
3	Теңізде жүзген кеме	Балаларға бөлінген қағаздан түрлі түсті кеме жапсыру. Ұқыпты болуға дағдыландыру саусақ икемділіктері мен зейіндерін дамыту.	1
4	Торсықтар	Балаларға қазақтың ұлттық ыдыстарының бірі-торсық туралы мағұлмат бере отырып оны аппликациялық тәсілмен безендіруді үйрету. Заттың пішініне сәйкес ою-өрнекті таңдай алу.	1
6	Көбелек	Көбелек туралы түсінік беру. Көбелектің тіршілігі және бөліктерді жапсыру әдісін үйрету. Табиғатты қорғауға эстетикалық, талғамның қалыптасуына тәрбиелеу.	1
7	Менің машиналарым	Балаларға геометриялық фигуралардың көмегімен аппликацияны орындауды үйрету, төртбұрыш, дөңгелек, сопақша фигураларды дұрыс қию дағдыларын жетілдіру.	1
8	Кемпіркосак	Балаларға кемпіркосак туралы түсінік беру олардың қандай түстерден тұратынын неден кейін пайда болатынын түстерді ажырата білуге үйрету. Түрлі түсті қағаздан кемпіркосак жапсыру.	1
9	Бәйтерек	Елбасымыз – Н.Ә Назарбаев туралы түсініктерін кеңейте отырып Елордамыз-Астана туралы мағұлмат беру. Шығармашылық жұмысты ретімен атқара білуге баулу, патриоттыққа тәрбиелеу.	1
10	Тасбақа	Жармамен тасбақа жапсыру. Тасбаканың пішініне әр түрлі жарманың түрлерін жапсыруға үйрету. Балаларды ұқыптылыққа тәрбиелеу.	1
11	Геометриялық пішіндер	Балаларды көлемді денелер шар, текше, конус туралы түсінікті нақтылау, геометриялық пішіндерді өмірде қажеттілігін түсінуге үйрету.	1
12	Саңырауқұлақтар	Күз мезгілінің ерекшелігімен таныстыру саңырауқұлақ туралы білімдерін нақтылау. Түстерді ажырата білуді үйрету.	1
13	Қар жамылған ағаштар	Балалардың қыс мезгілі туралы білімдерін кеңейту. Табиғат құбылыстарын сұлулығын сезіну. Ағаштардың бейнесін дұрыс бейнелеу түстерді ажырата білуді үйрету.	1
14	Аққала	Балаларға аққала туралы мағұлмат бере отырып, аққала жапсыруды үйрету. Қыс туралы әңгімелеп беру. Әдемілікке, тазалыққа, шапшандыққа ұқыптылыққа тәрбиелеу.	1
15	Әдемі жалаушалар	Туған елінің рәміздері туралы білімдерін толықтыру. Үлгі бойынша ту жасауды үйрету. Желіммен таза тианақты, таза жұмыс жасауды, дұрыс орналастырып желімдеуді игерту.	1
16	Шырша шамын жағамыз	Жаңа жыл мерекесі және қыс мезгілі туралы білімдерін дамыту. Шыршаны безендіре білуді үйрету. Тапсырманы ұқыптылықпен орындауға тәрбиелеу.	1
17	Қысқы табиғат	Қоршаған орта, табиғат пен тіршілік арасындағы байланыс жайлы түсініктерін қалыптастып. Табиғатта болатын құбылыстарды танып, терең сезіне білуге тәрбиелеу.	1
18	Қараторғайдың ұясы	Балаларды құс түрлері мен таныстыру, геометриялық пішіндерден (үшбұрыш, төртбұрыш, дөңгелек) қараторғайдың ұясын құрастыруды үйрету. Тілдерін дамыту. Құстарды аялау және құстарға қамқор болуға тәрбиелеу.	1
19	Автобус	Балаларға көлік туралы түсінік беру. Көлік түрлерінің ерекшеліктеріне қарай топтастыруға үйрету. Түрлі түсті қағаздан автобусты жапсыру жолдарын меңгерту.	1
20	Бағдаршам	Бағдаршам туралы түсініктерін жетілдіру. Балаларды жолда	1

		жүру ережесімен таныстыру және есте сақтау қабілеттерін дамыту арқылы, көшеде жүру ережесін білу арқылы жолда жүру мәдениетін үйретіп сақтыққа тәрбиелеу. Түрлі түсті ұнтақ қағаздан бағдаршам жапсыру.	
21	Ұзын құлақ ақ қоян	Қоян туралы түсініктерді нақтылау қоянның дене бөліктерін қағаз бетінде дұрыс орналастыра білуге, жануарларға деген сүйіспеншілікке тәрбиелеу.	1
22	Домбыра	Қағазды қос бүктеу тәсілімен киюға дағдыландыру. Бірнеше бөліктен тұратын заттарды қиып жапсыру. Патриоттық сезімге тәрбиелеу.	1
23	Паравоз	Көлік түрлерімен таныстыру 5 бөліктен тұратын түрлі зат бөліктерін орналастыруға үйрету. Қайшымен жұмыс жасуды және ұқыптылыққа тәрбиелеу.	1
24	Қыстап қалатын құстар	Құстардың сыртқы пішіні мінез құлқы туралы білімдерін тиянақтау. Қанатты құстарға сүйіспеншілікке, қызығушылыққа құстарға қамқорлық жасауға күтіп баптауға тәрбиелеу. Суық торғайдың бизнесін ұқыпты жапсыруға үйрету.	1
25	Әдемі гүлдер	Құйылған дайын пішіндерді қағаз бетіне дұрыс бөлуге, түстерді, көлемді ажырата білуге үйрету. Көктем туралы білімдерін толықтыру және гүлдің атымен таныстыру.	1
26	Мерекелік ашық хат	Көктем туралы түсіндіріп өту және мерекелік көңіл күйін қуру. Өзінің жақын адамдарын қуанта білуге тәрбиелеу.	1
27	Ою ойғанның ойы ұшқыр	Балалардың ұлттық ою-өрнек туралы білімдерін кеңейтіп, тұрмыс салт- дәстүрге қызығушылықтарын ояту. Қабаттап бүктелген қағаздан ою онекті кию.	1
28	Қонақтарды күтеміз	Балаларға қазақ халқының қонақжайлығы ұлттық салт дәстүрін екендігі жөнінде түсіндіру. дайын түрлі түсті қиылған қағаздан қызғалдақ гүлімен әшекейлеп, желімді ұқыпты пайдалана отырып жапсыруға үйрету.	1
29	Ай мен Жұлдыздар	Шаршы қағаздан кию тәсілдерін қолдану арқылы ай мен жұлдызды жапсыруды үйрету.	1
30	Ғарыш, Зымыран	Балаларды ғарыш ғарышкер зымыран, аспан әлемі жайлы түсінік қалыптастыру. Зымыран бейнесін, түсті геометриялық пішіндерден қиып жапсыру.	1
31	Ұшақ	Көлік және олардың түрлері туралы түсініктерін бекіту өз бетерінше жапсыру. Ұшақты жапсырып құрастыруда материалды оның бөліктеріне сәйкес тандап, дұрыс жапсыра білуге үйрету.	1
32	Бұлт	Аспан әлемі туралы білімдерін кеңейту, бұлт туралы ұғымдарын тереңірек түсіндіріп, дүние танымын кеңейту.	1
33	Достық пойызы	Балаларды қортынды ұжымдық жұмыс жасауға үйрету, шығармашылық ойлау қиялдарын дамыту, қағазды бүктеп кию арқылы жетілдіру.	1
34	Көктем гүлдері	Балалардың көктем мезгілі және көктем гүлдері туралы түсінік беру. Сөздік жұмыстары арқылы сөздік қорларын байыту мен бірге есте сақтау қабілеттерін, қол моторикасын дамыту. Қызғалдақ гүлін ұқыпты жапсыруға үйрету.	1
35	Күнбағыс	Балаларға өсімдіктер мен және олардың пайдасы туралы түсінік беру.	1
36	Ұлы жеңіс жасасын	Балаларды адамгершілікке, отанын сүйуге оны қорғауға. Қазақстандықтардың ерлік істерімен, таныстырып ой өрісін дамытып соғыс ардагерлеріне ашық хат жасау.	1